Мемлекеттік сатып алулар туралы шартты бір көзден жасауды реттейтін мемлекеттік сатып алу жөнінде негіздеме

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауынан дәйексөз «Әділ мемлекет. Бір ұлт. Өркендеген қоғам», 1 тарау Жаңа экономикалық саясат: «Бізге мемлекеттік сатып алудың сапалы жаңа жүйесін құру керек. Ең төменгі баға емес, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасы басымдық болу керек».

2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде тауарлар мен қызметтер баға ұсыныстарын сұрату, ашық конкурс арқылы сатып алынды, тәжірибе сатып алынған тауарлар мен қызметтер сапасыз екенін көрсетті, бұл туралы мемлекет басшысы өз жолдауында атап өтті.

Көбінесе бір реттік және ай сайынғы қызметтерді көрсететін өнім берушілер байланысқа шықпайды, қызметтерді үзіліспен көрсетіп, сапасыз тауарларды жеткізіп, сол арқылы мемлекеттік кәсіпорындарға, мекемелерге және жалпы мемлекетке зиян келтіреді, өйткені мемлекеттік кәсіпорындар мекемелер мемлекет атынан шығып отыр. Тауарлар, қызметтер мен жұмыстардың төмен бағалары мен сапасының төмендігі нәтижесінде сатып алулар туралы шарттар бұзылып, жаңа сатып алу рәсімдері жүргізілді, бұл өз кезегінде мемлекеттік саясаттың күткен нәтижелеріне әкелмеді. Қайта сатып алулар процестері мерзімдердің кешігуіне және қаражаттың игерілмеуіне әкелді, бұл рейтингтерге, заттық және материалдық емес нәтижелерге және болған тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға теріс әсер етті. Аз сомаға сатып алу сапасыз және жосықсыз өнім берушілердің көбеюіне, сондай-ақ қажетсіз әкімшілік істердің туындауына алып келді.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында және 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 16 бабының 3 тармағының 28 тармақшасының негізінде мемлекеттік сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау негізінде «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру бюджеттік бағдарламасы» мемлекеттік сатып алу туралы тікелей шарт жасау арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылданды.

Жүйнек ауылдық округі әкімі **Т.Абдікарімов**

Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру бюджеттік бағдарламасы үшін Мемлекеттік сатып алу бойынша өнім берушіні таңдау негіздемесі.

Сатып алуды жүзеге асыру мақсаты: Түркістан облысы, Сауран ауданы, Жүйнек ауылдық округі аумағында ақпараттық табличкаларды дайындау және орнату жұмыстары;

Нақты орындаушыны таңдау себептері: Біз обылысымызға қарасты орындаушыны қолданғымыз келеді, салықтар облыстық бюджетке түсуі үшін. "Баян" жеке кәсіпкер бұл саламен 2 жылдан астам уақыт айналысады. Қызметтік міндеттерін сапалы әрі уақытылы орындайтын, табличкаларды жасау жұмыстарын жоғары деңгейде атқаратын, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, кәсіби білімі мен тәжірибесі жеткілікті білікті мердігер. Біз жұмыстың сапалы орындалғанын қалаймыз.

Жүйнек ауылдық округі әкімі **Т.Абдікарімов**